

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 10-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 555 -қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Айналадағы әлем» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – білім алушылардың табиғат туралы қарапайым түсініктерді игеруі, олардың қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстары туралы түсініктерін жүйелеу; қоршаған ортадағы құбылыстары мен заттарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

3. Бағдарлама міндеттері:

- 1) жалпы мен сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету;
- 2) қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту және байыту;
- 3) өзге оқу пәндерін игеруге қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
- 4) көріп қабыдау, салыстыру, жалпылау, нақтылау, қарапайым тұжырымдар жасай алу, қарапайым себеп-салдарлық байланысты орната алу қабілетін дамыту.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

-) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
 -) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
 -) өзінің және өзге халықтың мәдениеті мен дәстүрін, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды сыйлау сезіміне тәрбиелеу;
- білім алушыларға табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы қауіпсіздік ережелері мен мінез-құлық нормаларын үйрету.

2 - тарау. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

. «Айналадағы әлем» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделген.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу және оқыту іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

. «Айналадағы әлем» – қоғам, адам және табиғаттың өзара әрекеті мен өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастырушы пән; оқыту объектілері – адам, табиғат, қоғам, соның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, өзара қарым-қатынас, ұлт, бірлестік, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

. Аталған курстың түзетуші қызметі – қоршаған болмыс заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде танымдық аясы мен ауызша сөйлеу тілін дамыту, сөйлеудің реттеуші, коммуникативтік қызметін дамыту.

Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін еңсеруді немесе азайтуды көздейді; сондай ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық және тұрмыстық дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

10. Жеке және саралап оқыту тәсілі оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

11. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

. «Айналадағы әлем» сабақтарында қолданатын жетекші әдістер -білім алушылардың заттық-тәжірибелік іс-әрекеті, зерделенетін құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (экскурсияларда), ақыл-ой және сөйлеу, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, үстел үсті ойындары, ереже бойынша ойындар).

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асырылады.

14. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

15. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

17. Ағымды бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; бұл ретте педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін, талдауды пайдаланады.

18. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр түрлі типологиялық топтардағы білім алушыларының оқу материалын меңгерудің түрлі мүмкіндіктерін ескере отырып, тақырыптың, бөлімнің аяғында жүргізіледі.

19. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатымен тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына еңгізіледі.

3 - тарау. «Айналадағы әлем» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

20. «Айналадағы әлем» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 64 сағатты;
- 2) 1-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты;
- 3) 2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 3-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты ;
- 5) 4-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

21. Бағдарлама мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) «Мен және қоғам» бөлімі;
- 2) «Табиғат» бөлімі;
- 3) «Менің отаным - Қазақстан» бөлімі;
- 4) «Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» бөлімі.

22. «Мен және қоғам» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

мен және менің отбасым;
мектеп, сынып.

23. «Табиғат» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғаттағы мерзімдік өзгерістер;
- 2) тірі табиғат;
- 3) өлі табиғат.

24. «Менің отаным - Қазақстан» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) «Менің отаным – Қазақстан».

25. «Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) қоршаған орта құбылыстары мен заттарымен таныстырудың негізінде ауызша сөйлеуді дамыту.

26. 0-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: білім алушының аты-жөні, тегі, отбасы мүшелері – анасы, әкесі, әжесі, атасы, бауыры, әпкесі; «Отбасы» түсінігі; отбасының жасы үлкен мүшелеріне құрметпен қарау, отбасының кіші мүшелеріне қамқор болу, отбасыдағы балалардың міндеттері; отбасыдағы ортақ мерекелер – отбасы мүшелерінің туған күндері, Жаңа жыл; отбасылық альбом – отбасы мүшелерінің суреттері; тұрмыстық заттар және үй бұйымдары – жиһаз, ыдыс, тұрмыстық құралдар (тоңазтқыш, шаңсорғыш); ойыншықтар және ойындар;

2) мектеп, сынып: сыныппен, сыныптастармен, жұмыс орнымен, білім алушының міндеттерімен танысу; сыныптағы, мектептегі, мектеп жанындағы аумақта өзін-өзі ұстау ережелері; мектеп білім алушысының күн тәртібі; мектеппен және мектеп ғимаратымен танысу – сыныптар, дәліз, асхана, дәретхана, дәрігердің кабинеті; оқуға арналған заттар - портфель, оқулық, дәптер, қалам, қарандаштар; әрбір заттың қызметі және оларға күтіммен қарау; балаларға арналған ойын алаңы, спорттық алаңқай, гараж, мектеп ауласы; ойыншықтар мен оқу заттарын салыстыру; мектеп бойынша, мектеп ауласына экскурсиялар жасау;

3) табиғаттағы мерзімдік өзгерістер: жыл мезгілдерімен танысу, табиғатта күзде болатын өзгерістер, күздегі өсімдіктер мен жануарлар, адамдардың күзде киінуі, балалардың күзгі ойындары; табиғатта қыста болатын өзгерістер, қыстағы өсімдіктер мен жануарлар, қыс кезінде адамдардың киінуі, балалардың қысқы ойындары; табиғатта көктемде болатын өзгерістер, көктемдегі өсімдіктер мен жануарлар, адамдардың көктемде киінуі, балалардың көктемгі ойындары; табиғатта жазда болатын өзгерістер, жаздық сауықтыру процестері, суда өзін-өзі ұстау ережелері; табиғатты жыл сайын бақылауға алу; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді, өсімдіктер мен жануарлар өмірін бақылау, жылдың әр мезгілінде табиғатқа экскурсия жасау, табиғи материалдарды жинау, қолдан бұйымдар жасау, табиғи материалдардан жасалған аппликациялар;

4) тірі және өлі табиғат: өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылау – жылдың әр мезгіліндегі күн, ай, аспан, жер, бұлт, жел, олардың суреттердегі, әңгімелердегі көріністері; табиғаттың дыбыстары – жаңбыр шуы, жапырақтар сыбдыры, қардың сықыры, желдің уілі; табиғаттағы түстер – қызыл, сары, жасыл, көк, ақ, қоңыр; күздің, қыстың, көктемнің және жаздың негізгі түстері; жылдың әр мезгілінде тірі табиғат өзгерістерін бақылау: жапырақтардың, ағаштар мен бұталардың түске боялуы; жануарлардың, құстардың, жәндіктердің мінез-құлқын бақылау; аталмыш жергілікті жерде кең таралған жабайы және үй жануарлары туралы түсінік – сыртқы түрі, дене бөліктері, дағдылары, өмір сүру ортасы; аквариум – аквариумда тұратын балықтарды бақылау; жемістер мен көкөністер – түсі, формасы, иісі, дәмі, тамаққа қолдану тәсілдері; бөлме өсімдіктері, оларға күтім жасау;

5) менің Отаным – Қазақстан: білім алушы тұратын қала, ауыл; қала, ауылдың басты көшелері; туған қала, ауылдың атаулары, қала, ауылдың басты

ғимараттары – әкімдік, мәдениет сарайы, аурухана; ұлттық тағамдарын атау «бауырсақ», «таба нан»;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстырудың негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: сөздікті байыту және нақтылау. Заттардың атауы, түсі, формасы, өлшемі, дәмі, иісі бойынша сипаттамасы. Мұғалім сұрақтарының көмегімен екі затты салыстыру. Ұқсас және айырмашылық белгілерін табу. Үлгісі мен көрсетілімі бойынша заттардың жіктелуі. Сұрақты тыңдау, сұрақтың сөздерін қолдана отырып оған жауап беру, асықпай, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, анық сөйлеу. Суретте көрсетілген әрекеттерді көрсету негізінде қарапайым сөйлемдер құру. Ауызша сөйлеуде таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдану. Үстінде, ішінде сияқты сөз алды қосымшаларын және анағұрлым кең қолданылатын кейбір үстеулерді пайдалану (жақсы-жаман, жақын-алыс).

27. 1-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: өз аты-жөні мен тегін, ата-анасының, бауырлары мен әпке-қарындастарының атын атау; туған күнін, отбасындағы міндетін, отбасылық мерекелерді білу; жиһаздардың, ыдыстардың, тұрмыстық құралдардың атау мен қызметтерін білу; мектеп, сынып: мектеп, мектеп ғимараты: сыныптар, дәліз, зал, асхана, киім ілетін жер, олардың қызметтері; сыныпта, мектепте, мектеп аумағында өзін-өзі ұстау ережелері; білім алушының міндеттері мен күн тәртібі;

2) табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жыл мезгілдері, жыл мезгілдерінің айлары, жыл мезгілдерінің негізгі белгілері; күз – ашық, бұлтты, суық, жапырақтар түседі, жаңбыр; қыс – аяз, қар жауады; көктем – күн жылынады, қар ериді, жылғалардан су ағады, ағаш бүршіктерінің ісінуі, алғашқы шөптер; жаз – күн ысыды, ыстық; сурет бойынша жыл мезгілін анықтау; ауа-райын бақылау; кешегі, бүгінгі ауа райы; жылдың әр мезгіліндегі өсімдіктер мен жануарлар; жылдың әр мезгілінде жануарлардың әртүрлі түске боялуы – қоян, тиын; жануарлардың қысқы өмірі – аю, қасқыр; түс өсімдік жағдайының белгісі ретінде – қызанақ жасыл және қызыл, жапырақтар жасыл және сары; жапырақ түстерінің өзгеруі, жапырақтардың түсуі, шөптердің солуы, ағаштардың қысқы тыныштығы, ағаштардың мен бұталардың гүлдеуі; аққайың – ағаш бүршіктерінің ісінуі, жапырақ жаюы, сырғалардың пайда болуы; терек – ағаш бүршіктерінің ісінуі, жапырақ жаюы, ағаш мамығының ұшуы; жылдың әр мезгіліндегі адамдардың киінуі; жылдың әр мезгіліндегі балалардың ойыны; бақылау жасау үшін табиғата экскурсия жасау;

3) өлі табиғат: жылың әр мезгіліндегі өлі табиғаттағы құбылыстар мен жағдай туралы түсінік: суық, жылы, ыстық, бұлтты, ашық, жел, жаңбыр, қар, мұз сүңгілері, қар мен мұз сүңгілерінің еруі; тәулік уақыттар – таң, күндіз, кеш, түн, олардың белгілері; тәулік барысындағы адамның әрекеттері; күн, су, жер, от – олардың адам өміріндегі мәні; күн – жылу мен жарықтың көзі; су – өмірдің көзі (өзендегі, ваннадағы, ыдыстағы су); жер – құм, тастар, саз; шамның алауы;

4) тірі табиғат: өсімдіктер, ағаштар, бұталар, шөптер, гүлдердің әртүрлілігі; жерде өсетін көкөністер: сәбіз, қызылша, пияз, картоп; түсі, формасы, дәмі, тамаққа пайдаланылуы; пияз, пияздың құрылысын қарастыру, пиязды жәшіктерге, терезе алдындағы ыдыстарға отырғызу; жемістер, алма, алмұрт, оларды формасы, түсі, дәмі, иісі, көлемі бойынша ажырату; көкөністер мен жемістерді ажырату; жануарлар: үй жануары – ит, мысық, жабайы – аю, қоян; сыртқы түрі, өлшемі, өмір сүру ортасы, адамдарға әкелетін пайдасы мен зияны бойынша жануарларды салыстыру; иттер мен күшіктердің мінез-құлқын бақылау; құстар: кептер, торғай – қайда тұрады, немен қоректенеді, адамға пайда немесе зиян әкелуі; құстарды бақылау; жәндіктер: көбелектер, қоңыздар, сыртқы түрі, түрлерінің әрқилылығы, айырмашылығы, көбелектер мен қоңыздарды бақылау;

5) менің Отаным – Қазақстан: Отан түсінігі, елдің аты – Қазақстан Республикасы; ҚР астанасы, туы; елдің алғашқы және қазіргі президенті, туған қаласы мен ауылының атауы; қоғамдық құрылым және олардың қызметтері (мектеп, дүкен, пошта, аурухана); туған қала, ауылдың көрнекті жерлері – батырларға ескерткіш, батырларға, ақындарға, жазушыларға ескерткіш орнату орындары; саябақтар, парктер; Мемлекеттік гимнды орындау ережелері – қолды жүрек тұсына қойып, тік тұру; кейбір ұлттық тағамдардың атауы – бауырсақ, бешбармақ;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: сөздікті байыту және нақтылау. Заттардың атауы, түсі, формасы, көлемі, дәмі, иісі бойынша олардың сипаттамалары. Екі затты салыстыру. Ұқсас және айырмашылық белгілерін табу. Үлгісі мен көрсетілімі бойынша заттардың жіктелуі. Сұрақты тыңдау, сұрақтың сөздерін қолдана отырып оған жауап беру, асықпай, әңгімелесушінің сөзін бөлмей анық сөйлеу. Суретте көрсетілген әрекеттерді көрсету негізінде қарапайым, сөйлемдер құру, оларға немен?, Не? Қайда? Қай жерде? сұрақтары бойынша түсіндірме сөздерді қолдану. Ауызша сөйлеуде таныс сөздердің формаларын дұрыс қолдану. Сөз алды қосымшаларын және анағұрлым кең қолданылатын кейбір үстеулерді пайдалану (жақсы-жаман, жақын-алыс). 2-3 сұраққа жауап беру түрінде сөздерді байланыстыруға дайындау.

28. 2-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: өз атын, тегін атау, шыққан тегін түсіндіру; отбасының өзге мүшелеріне қатысты отбасылық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау; киім, аяқ киім, киім мен аяқ киім, бөлме гүлі күтіміне байланысты тәжіриелік жұмыстар; құстарға арналған жемді жинақтау; мектеп, сынып: сыныптасының аты, жөні, тегін атау; мектеп бірлестігіндегі өзін-өзі ұстау нормаларын ұстану;

2) табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жыл мезгілдерінің ауысуына күннің әсері, жылдың әр мезгіліндегі күн мен түннің уақыты, күзде жарықтың баяу азаюы; қыстың ұзақ түндері мен қысқа күндері, көктемде күннің ұзаруы, жаздың ұзақ күндері мен қысқа түндері; жылдың әр мезгілінде күннің

орнласуын бақылау; жыл мезгілдерінің негізгі белгілері; күз – бұлтты күндер, жиі жауатын суық жаңбырлар, тұман, гүлзарлардағы гүлдер мен шөптердің солуы, құстардың жылы жаққа ұшуы, алғашқы қар; қыс - аяз, боран, жылымық, қар, мұзтайғақ, қар жабындысының қалыңдығы; көктем - күннің жылынуы, қар мен мұздың еруі, мұздың сөгілуі, тамшы, ағаштардағы бүршік атуы, жапырақтардың пайда болуы, құстардың ұшып келуі, алғашқы көктемгі гүлдер, күннің алғаш күркіреуі, найзағай; жаз – ыстық ашық күндер, жылы жаңбырлар, шөптердің гүлдеуі, жидек жинау; жылдың әр мезгіліндегі адамдардың жұмысы, бақтағы, бақшадағы, мектеп аумағындағы маусымдық жұмыстар; ауа-райын жүйелі түрде бақылау, ауа-райы күнтізбесін жүргізу;

3) өлі табиғат: су және оның қасиеттері – тазалығы, иісінің болмауы, ағымдылығы, шөгуі; су және оның қасиеттері – қысымы (ыстық-суық), су қысымын өлшеуге арналған термометр; су қоймалары: өзен, көл, тоған, батпақ; жылдың әр мезгіліндегі су қоймаларындағы судың жағдайы; су қоймаларындағы мұздың сөгілуі; табиғаттағы су: жаңбыр, мұз, булану; судың адам, жануар, өсімдік өмірі үшін маңызы, суды үнемдеу;

4) тірі табиғат: гүлзарлардағы өсімдіктер мен гүлдер – настурция, шырайгүл, қырмызыгүл және өзге гүлдер; сыртқы түрлеріне байланысты ұқсастықтары мен айырмашылықтары; бөлме өсімдіктері – ылғал сүйгіш және құрғаққа төзімді өсімдіктер (традесканция, кактус), жарық сүйетін және көлеңке сүйетін өсімдіктер (фиалка, традесканция); бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; бақша, көкөністер, жерде бұтақта өсетіндер – қызанақтар, қиярлар, баялды, тәтті бұрыш, қызанақ пен қияр, баялды; тәтті бұрыштың сыртқы түрлері, аталмыш көкөніс түрлерін тағамға қолдану, қыста сақтау; бақша, жемістер – алша, шие, өрік, шабдалы, формасы, түсі, дәмі, иісі, көлемі жағынан ұқсастығы, өсу ерекшеліктері, адамның қоректенуіндегі жемістердің орны; бақтағы және бақшадағы өсімдіктерге күтім жасау; жануарлар: үй жануарлары мен олардың жабайы тумаларын салыстыру, мысық-сілеусін, ит-қасқыр, сыртқы түрі, қоректенуі, балаларының атауы, мінез-құлқы, өмір сүру салты, өмір сүру ортасы, жануарлар өміріне қажетті жағдай жасау – су, жылу, ауа, тамақ, адамның жануарларға деген қарым-қатынасы; құстар, торғай-шымшық, бұл құстардың көлемі, дене бөліктері, дене жабындылары, адам өмірі үшін құстардың пайдасы, қыстайтын құстарды бақылау, жем беру; балықтар, 2-3 атауы, жергілікті жер бойынша таралуы, сыртқы түрі, өмір сүру ортасы, қоректенуі, өмір сүруі, адамның балықты пайдалануы, балықтарды қорғау; бақылау жасау үшін табиғатқа экскурсия жасау;

5) менің Отаным - Қазақстан: Қазақстанның астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы; Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті; «кіші Отан» түсінігі, қаланың (ауылдың) басты көшелері, негізгі ғимараттары, қаланың ауылдан айырмашылығы, қала мен ауыл халқының саны (көп-аз). Көлік, көліктің қызметі (жүк және жолаушылар көлігі), жол қозғалысының ережелері, бағдаршам белгілері, көшеде өзін-ұстау ережелері, жол белгілері: «Абайлаңыз!

Балалар!», «Жерүсті жолаушылар жолы», «Жер асты жолаушылар жолы»; қоғамдық көліктерде және қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелері;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: сөздікті байыту және нақтылау. Заттардың атауы, түсі, формасы, көлемі, дәмі, иісі бойынша олардың сипаттамалары. Екі затты салыстыру. Ұқсас және айырмашылық белгілерін табу. Заттардың жіктелуі. Жалпылама сөздермен заттардың топтарын белгілеу. Әңгімелесуге қатысу. Сұрақтарға толығымен дұрыс жауап беру. Ұсынылған тақырып бойынша заттық және сюжеттік суреттермен әрекеттерді көрсете отырып, мұғалімнің сұрақтарына қарапайым, жайылма сөйлемдер құрау. Асықпай, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, анық сөйлеу. Сөйлем құрауда және сұрақтарға жауап беруде таныс сөздердің формаларын дұрыс пайдалану. Жанында, қасында, оған қарай, онымен бірге сияқты сөз алды қосымшаларын және анағұрлым кең қолданылатын кейбір үстеулерді пайдалану. Сұрақ түрінде жоспар бойынша сөз байланыстыру арқылы өз ойын білдіру (3-4 тармақ).

29. 3-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: отбасы, отбасы мүшелері, отбасылық суреттер негізінде отбасы мүшелерінің сөзбен жасалған портреттері; отбасы мүшелері арасындағы міндеттерді бөлу; киім заттары: бас киім, күнқағар, берет, қолғап, шұлғы, гольфтер; әртүрлі киімдердің қызметтері. Киім күтімі (щеткамен тазалау, жуу, бүктеу және сақтау). Аяқ киім заттары: қыстық, жаздық, күздік-көктемдік аяқ киімдер; аяқ киім күтімі (жуу, кептіру, щеткамен тазалау, аяқ киімдерге арналған майларды пайдалану). Жеке тазалық ережелері. Жиһаз: орындық, үстел, диван, төсек, кресло, шкаф. Жиһаздың қызметтері және оған күтім жасау (күрғақ және ылғал шүберекпен сүрту, шаңсорғышпен тазалау, қағу, төсекті жинау). Мектеп, сынып: сыныптағы, мектептегі білім алушының тәптіп ережелері; білім алушының күн тәртібі; сабақ күн тәртібі; білім алушы күнделігін жүргізу, сыныпта, мектеп ғимаратында тәптіп сақтау; мектеп, үй орналасқан көше, жаяужолдар, саябақтар, көшенің атауы, үйдің нөмірі, мектептің және үйдің мекен-жайы. Көлік: автобус, троллейбус, трамвай, жеңіл, жүк мәшинелері, арнайы мәшинелер. Жол қозғалысы ережелері: бағдаршамның жасыл түсі жанған кезде және «өту» белгісі бар жерде көшеден өту;

2) табиғаттағы маусымдық өзгерістер: жазбен салыстырғанда күздегі табиғаттың өзгеруі – күннің қысқаруы, күннің сууы, жиі жауатын жаңбырлар, ерте және кеш түскен күз, күздің белгілері, өсімдіктер мен жануарлар өмірінің өзгеруі – жемістер мен дәндердің пісуі, гүлдер мен жапырақтардың солуды, жапырақтардың түсінің өзгеруі, жәндіктердің жоғалуы, құстардың ұшып кетуі, маусымдық жұмыстар – дәндерді жинау, егінді жинау; күзбен салыстырғанда қыста ауа-райының өзгеруі – күннің қысқаруы, үсіктер, алғашқы қар, аяздар, қар түсу, су қоймаларының қатуы, қыстың белгілері, қыстағы ағаштар мен бұталар, қыстайтын құстар. Қыста құстарға жем беру; қыспен салыстырғанда көктемдегі ауа-райының ауысуы – күннің ұзаруы, күннің жерді қыздыруы,

тамшылар, күннің жылуы, қардың еруі, мұзды сөгілуі; көктемнің белгілері, ағаштардың бүршік жаруы, жапырақтардың жайылуы, ерте шығатын гүлдер – бәйшешек, өгейшөп, меруертгүл, бақбақ құстардың ұшып келуі, балапан шығаруы, мектеп аумағындағы маусымдық жұмыстар – қопсыту, тырмалау, себу, отырғызу, бақтағы, бақшадағы жұмыс; көктеммен салыстырғанда жаздағы ауа-райының өзгеруі – ұзақ күндер, ыстық күн, ашық аспан, әдемі бұлттар, қапырық, бұлттар, күннің күркіреуі (күркіреу, найзағай), жазғы нөсерлер, жаздың белгілері, мектеп аумағындағы маусымдық жұмыстар және өсімдіктерге күтім жасау – суғару, арамшөпті отау, егінді жинау;

3) өлі табиғат: ауа және оның адам, жануар, өсімдік өміріндегі мәні, ауа қысымын өлшеуге арналған термометр, тұрғын үй ғимаратындағы, көшедегі ауа қысымын өлшеуге арналған термометр, ғимаратты желдету, ғимараттағы, көшедегі ауаның тазалығы; жел – ауа қозғалысы, желдің бағыты, желдің күші, қысымы (суық-жылы);

4) тірі табиғат: өсімдік, ерте гүлдейтін өсімдіктер – бәйшешек, қызғалдақ, меруертгүл, олардың құрылысы – тамыры, сабағы, жапырақтары, гүлдері, жалпы және ерекше белгілері; ағаштар – аққайың, жөке ағашы, үйеңкі, терек, емен, жалпы белгілері: тамыр, дінгегі, бұтақтары, жапырақтары; ерекше белгілері: дінгегінің бояулары, жапырақтарының формалары; бақ ағаштары (сүйекті ағаштар) – қара өрік, шие, алша, сары алша, салыстыру және тану. Ерекше белгілері – дінгегінің бояулары, жапырақтарының формалары, жемістерінің формалары, белгілері бойынша жемістерінің сипаттамасы – формасы, түсі, иісі, дәмі; қарбыз, қауын; формасы, түсі, көлемі, дәмі, иісі бойынша ажырату. Бақша – көкөністер (картоп, орамажапырақ, қызылша, асбұршақ немесе бұршақ тектестер), сыртқы түрі, дәмі, тамаққа қолдану, шикі көккөністерді қолдану кезінде тазалық ережелерін сақтау, асбұршақ және бұршақтектес өсімдіктерді өсіру. Бұтақты өсімдіктер – мамыргүл, итмұрын, тану, атауы, ағаштармен салыстыру, ерекше белгілері – көпдінділігі, жапырақтарының формасы, гүлдері, жалпы белгілері – тамыры, жапырақтары; жеміс-жидекті бұталар – қарақат, таңқұрай, қарлыған, салыстыру және тану; бақ пен бақшаның өсімдіктеріне күтім жасау. Үй жануарлары және оның төлдері: ешкілер, қойлар. Дене бөліктері, қоректенуі, адамдарға әкелетін пайдасы; адамның үй жануарларын күтуі. Үй құстары: тауық, үйрек, олардың балапандары, сыртқы түрі, олардың адамдарға пайдасы, үй құстарына адамның күтім жасауы. Жабайы жануарлар – аю, кірпі, сыртқы түрі, балалары, тамақ табу тәсілдері. Жабайы құстар: торғай, қарға, қараторғай, бозшымшық, сауысқан, сыртқы түрі, өлшемдері бойынша салыстыру; қыстайтын құстар – торғай, қарға, сауысқан, сарышымшық, бозшымшық; қыста құстарға көмек беру; жылы жаққа ұшатын құстар – дегелек, қарлығаш, қараторғай, құстарға бақылау жасау, өмір сүру жағдайларын салыстыру, адамның жабайы құстарға күтім жасау. Жәндіктер – шыбын, маса, шегіртке, қызыл қоңыз, тандап алынған жәндіктердің 3-4 түрін атау және көрсету, өсімдіктер және жануарлар әлеміндегі жәндіктердің мәні;

5) Менің отаным – Қазақстан: Қазақстан Республикасының елтаңбалары – Қазақстан Республикасының мемлекеттік гербі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны. Қазақстанның астанасы. Мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдері күні, Наурыз, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні. Қазақтардың ұлттық киімі, ұлттық костюмнің заттары - камзол, сәукеле, ішіктер, тұмақ, кимешек, тақия, бөрык. Қазақ үйі - көшпенді қазақтардың тұрғын үйлері, оның жабдықтары; ұлттық балалар ойыны. Өлкетану мұражайларына экскурсия жасау. Мұражайда өзін-өзі ұстау ережелері. Тұратын жерге жақын ауылдар, олардың атаулары;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: сөздікті байыту және нақтылау. Заттардың атауы, түсі, формасы, көлемі, дәмі, иісі бойынша олардың сипаттамалары. Екі затты салыстыру. Ұқсас және айырмашылық белгілерін табу. Заттардың жіктелуі. Жалпылама сөздермен заттардың топтарын белгілеу. Әңгімелесуге қатысу. Сұрақтарға толығымен дұрыс жауап беру, сұрақ қоя алу, сыныптастарының айтқандарын толықтыру, қарапайым жәй сөйлемдер құрау, және шылауымен келетін сөйлемдер құрау, Мұғалімнің жетекшілігімен заттар мен табиғат құбылыстарын бақылағаннан кейін оларды сипаттау. Жоспар бойынша сұрақ түріндегі, суреттік жоспар бойынша өз ойын бір-бірімен байланыстырып айту (суреттер сериясынан). Мұғалімнің жетекшілігімен зерделенетін өсімдіктер мен жануарлар, табиғат құбылыстары, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы шағын әңгімелер құрау. Сөйлеуде қайта игерілген сөздер, сөз алды қосымшалары мен үстеулер арқылы нақты нысандар арасындағы кеңістіктік және уақытша қатынастарды білдіретін сөйлемдерді пайдалану.

30. 4-сыныпқа арналған «Айналадағы әлем» пәнінің базалық мазмұны:

1) мен және менің отбасым: «отбасы» түсінігі, отбасы мүшелері арасындағы туысқандық қатынастар, отбасы мүшелерінің міндеттері; жаздық, қыстық, маусымаралық киімдер; киім неден тігілген; киім күтімі (тазалау, кептіру, желдету, сақтау). Аяқ киім: аяқ киім неден жасалған (резиналы, теріден жасалған, жүннен жасалған, текстильді), аяқ киімдердің әр түріне күтім жасау. Жатын бөлмеге арналған жиһаз, асүйлер, асхана, асүй: қызметі, күтімі. Шәй ішетін ыдыстар, асхана, асүй, күтімі, сақталуы. Тұрғын үй ғимаратын ретке келтіру. Мектеп, сынып: менің мектебім, мектеп ғимараттары және олардың қызметтері; мектеп қызметкерлері, олардың міндеттері; сынып, менің сыныптастарым, мен білім алушым; сынып бөлмесі, сыныптағы жиһаз, сыныпта реттілікті сақтау, сабақ кестесі, мектептегі мерекелер;

2) табиғаттағы маусымдық өзгерістер: маусым атаулары және олардың реттілігі, маусымдық айлардың атауы, «ерте», «кеш» мерзімдер түсініктеріне түсініктеме беру; әрбір маусымның сипаттық құбылыстары: көлдердің қатуы, қыраудың қатуы, мұздақ, сіркіреген жаңбыр, қала қар, тасқын, шық; адамдардың маусымдық еңбегі, маусымдық жағдайларға байланысты қызмет түрлері; күз – егін жинау, ағаштар мен бұталар күтімі, жаңа өсімдіктер

отырғызу; қыс – жануарларға күтім жасау, қыстаушы құстардға көмек беру, тұқым мен техниканы көктемгі себу жұмыстарына дайындау; көктем – бақ ағаштарын ақтау. Ағаш бұталарды, бақша өсімдіктерін отырғызу; жаз – бақ, бақша өсімдіктеріне күтім жасау, ерте пісетін жемістерді, көкөністерді жинау, пішен ору; жылдың әр мезгілінде мектеп жанындағы аумақта жұмыс жасау, оған балалардың қатысуы;

3) өлі табиғат: топырақ, топырақ құрамы, (кұмы, саз, тастар), құнарлы қабат, топырақтың қарапайым қасиеттері, топырақ, олардың өсімдіктер үшін маңызы, топырақты өңдеу тәсілдері – топырақты қопсыту, суару, топырақтың құнарлы қабатын қорғау және қалпына келтіру; жердің үстіңгі қабатының формасы – жазықтар, аңғар, дөң, таулар;

4) тірі табиғат: өсімдік, орман өсімдіктері, қылқан жапырақты және жапырақты ағаштар (қарағай, шырша, қайың, емен); саңырауқұлақтар – жеуге келетін және улы; орман жемістері – бүлдірген, қаражидек, жемістер, жеуге келетін және жеуге келмейтін; пайддалы және қауіпті шөптер; орманда өзін-өзі ұстау ережелері; алқап өсімдігі, бидай, қарабидай, жүгері, сұлы, адамдардың алқап өсімдіктеріне күтім жасауы, олардың адам өміріндегі мәні; алқап өсімдігінің құрылымы – тамыры, сабағы, жапырақ, масақ, сібірткі; алқап өсімдіктеріне маусымдық өзгерістердің ықпалы; дәрілік өсімдіктер – қырмызыгүл, шайқурай, сирек кездесетін өсімдіктер және оларды қорғау, қызыл кітап; парк, саябақ, адамдардың парктерді салуы. Жануарлар: жабайы жануарлар – қабан, бұлан, арқар, ақбөкен, қоян, сыртқы түрі, дағдысы, қоректенуі, өмір сүруі, балалары, жабайы жануарлардың табиғаттың жағдайларына бейімделуі. Үй жануарлары – шошқа, сиыр, қоян, сыртқы түрі, қоректенуі, өмір сүру жағдайы, төлдері, үй жануарларының күтімі; үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыру: қабан-шошқа, бұлан-сиыр, арқар-ешкі, ақбөкен-қой, қоян-ор қоян, ұқсастықтары мен айырмашылықтар. Құстар: қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар (бозшымшық, тоқылдақ, шауқарға); жыртқыш құстар (қаршыға, бүркіт, қарақұс); сайрайтын құстар (бұлбұл, қарлығаш); үй құстары (үйрек, индюк), сыртқы түрі, қорегі, мінез-құлқы, адамдарға әкелетін пайдасы. Жәндіктер, пайдалы жәндіктер – ара, қызыл қоңыз, көбелектер, сыртқы түрі, өмір сүру жағдайы; адамдардың араларды асырауы, омарта, пайдалы қасиеттері, жануарлар өміріндегі адамның рөлі;

5) менің отаным – Қазақстан: Қазақстан Республикасының елтаңбалары – Қазақстан Республикасының мемлекеттік гербі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны. Қазақстанның астанасы. Мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдері күні, Наурыз, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні. Қазақстан – көпұлтты республика; Қазақстанның тарихи жерлері. Өлкетану мұражайы. Тарихи мұражайлар. Белгілі адамдардың мұражайлары. Туған қаланың (ауыл) тарихи ескерткіштері. Қазақстанның батырлары. Туған өлкенің тарихы; Қазақстардың салттары мен дәстүрлері;

б) қоршаған орта заттары мен құбылыстарымен таныстыру негізінде ауызша сөйлеуді дамыту: тұрмыста және сабақтардағы сөздік қорды байыту және нақтылау. Олардың негізгі қасиеттері бойынша заттар мен құбылыстардың атауы және сипаттамалары. Заттарды салыстыру, заттарды жіктеу, қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды анықтау. Әңгімеге белсене араласу. Қарапайым жәй сөйлемдер мен және, ал, бірақ, өйткені, ол үшін сияқты шылаулары арқылы жасалатын күрделі сөйлемдерді құрау. Олардың белгілері мен әрекеттері бойынша заттарды топтастыру процесінде игерілген сөздерді пайдаланумен табиғат құбылыстарын, заттарды сипаттау; заттар мен құбылыстарды өзара және өзге заттар мен құбылыстармен салыстыру. Әңгімеде қарастырылған сұрақтар бойынша өзара байланысты пікір білдірулер. Жеке бақылаулар мен оқылған материалдар негізінде әңгімелесушілердің айтқандарын толықтыру. Мұғаліммен ұсынылған тақырып бойынша шағын әңгімелерді құрастыру. Сөйлеуде қайта игерілген сөздер мен сөз орамдарын пайдалану, сөз алды қосымшалары, шылаулар, кейбір үстеулер көмегімен шынайы нысандар арасындағы байланыстар мен қатынастарды көрсету.

31. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

33. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді. Мысалы, 1.1.3.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.3» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

34. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Мен және қоғам» бөлімі:

1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Мен және менің	0.1.1.1 өз аты, жөні, тегін атау; 0.1.1.2	1.1.1.1 өз аты, жөні, тегін атау; 1.1.1.2 ата-	2.1.1.1 өз аты, жөні, тегін атау; өз тегінің	3.1.1.1 отбасылық фото негізінде	4.1.1.1 өз аты, жөні, тегі, туған күнін,

отбасын ым	отбасының жасы үлкен мүшелеріне құрметпен қарау; отбасының жасы кіші мүшелеріне қамқорлық көрсету; 0.1.1.3 ойыншықтарды және ойындарды атау; 0.1.1.4 ойыншықтар мен мектеп заттарын ажырату; 0.1.1.5 жиһаздың негізгі заттарын атау; 0.1.1.6 ыдыстың негізгі заттарын атау	аналарының, бауырларының, әпкесіңілдерінің атын атау; 1.1.1.3 өз туған күнін атау; 1.1.1.4 отбасындағы өзінің өзінің міндеттерін атау және орындау; 1.1.1.5 өз отбасы мүшелерін атау; 1.1.1.6 отбасылық мерекелерді атау; 1.1.1.7 жиһаздың, ыдыстың, тұрмыстық құралдардың (тоңазтқыш, шаңсорғы) негізгі заттарын білу және атау	шығу тегін атау; 2.1.1.2 отбасының өзге мүшелеріне қатысты туыскандық қатынастар жүйесінде өз орнын анықтау; 2.1.1.3 киімдерді атау (пальто, көйлек, жейде, пиджак, кофта, сқалың жемпір, юбка, шалбар); 2.1.1.4 аяқ-киім заттарын атау (бәтінке, туфли, етік, тәпішке); 2.1.1.5 киім және аяқ киім күтімі бойынша тәжірибелік жұмыстар жасау; 2.1.1.6 үйге және көшеге арналған киімдерді	отбасы мүшелерінің сөздік портретін құрау; 3.1.1.2 отбасы мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы айту; 3.1.1.3 киімдерді атау : бас киім, , шляпа, берет, қолғап, нәски, гольфы, олардың қызметтері; 3.1.1.4 қыстық, жаздық, күздік-көктемдік аяқ киімдерді атау; 3.1.1.5 киім мен аяқ-киімге күтім жасау; 3.1.1.6 жиһаз заттарын атау: орындық, үстел, төсек, кресло, шкаф,	мекен-жайын атау; 4.1.1.2 өз отбасының құрамын атау; 4.1.1.3 отбасы мүшелерінің міндеттерін атау; 4.1.1.4 жаздық, қыстық аралық мезгіл киімдері, аяқ-киім атауларын атау; 4.1.1.5 киім және аяқ киім күтімін жасау; 4.1.1.6 аяқ киім жасалған материалды атау; 4.1.1.7 жатын бөлме, асүй, асхана және оның қызметтерін атау; 4.1.1.8 шәй ыдыстар, асүй, асхана, ыдыстары жасалатын материалдарды білу
---------------	--	--	--	--	---

			ажырату; 2.1.1.7 бөлме гүлдеріне күтім жасау бойынша тәжірибелік жұмыстарды орындау; 2.1.1.8 құстарды жемдеуге арналған жиынтықты жасау	олардың қызметтері; 3.1.1.7 жиһазға күтім жасау (құрғақ және дымқыл шүберекпен сүрту, шаңсорғыш пен тазалау, төсекті тазалау, қағу); 3.1.1.8 үйдің мекен- жайын айту	
1.2 Мекте п, сыны п	0.1.2.1 мектеп ғимараты – сыныптар, дәліз, асүй, дәретхана, дәрігер кабинетіне бағыттала алу; 0.1.2.2 балалар алаңқайы, спорттық алаңқай, мектеп ауласына бағыттала алу; 0.1.2.3 сыныпта өзінің жұмыс орынн анықтау; 0.1.2.4 оқу	1.1.2.1 мектеп ғимаратын, сыныптарды , дәлізді, залды асүйді, киім ілетін бөлмені ажырату; 1.1.2.2 өз сыныбын өздігінен таба алу; 1.1.2.3 мектеп білім алушысыны ң күн тәртібін анықтау; 1.1.2.4 мектептегі білім алушының міндеттерін орындау;	2.1.2.1 сыныптаста рының аты- жөнін, тегін атау; 2.1.2.2 білім алушының сыныпта, мектепте, ме ктеп жанындағы аумақта өзін-өзі ұстау ережелері 2.1.2.3 негізгі мектеп ғимараттары н анықтау: асүй, спорт зал, кітапхана, шеберхана; 2.1.2.4	3.1.2.1 білім алушының өзін-өзі ұстау ережелерін ұстануы; 3.1.2.2 бір күннің тәртібін құрау; 3.1.2.3 сабақтардың күн тәртібін білу; 3.1.2.4 күнделік жүргізу, сыныпта реттілікті сақтау; 3.1.2.5 көшеде қозғалу ережелерін сақтау; 3.1.2.6	4.1.2.1 негізгі мектеп ғимараттары н атау және оның қызметтері; 4.1.2.2 мектеп қызметкерле рін білу, олардың міндеттері; 4.1.2.3 сыныптағы жиһаздарды білу және оны олардың қызметтері; 4.1.2.4 сыныпта реттілікті сақтау; 4.1.2.5 ағымдық

заттарын білу және атау – портфель, оқулық, дәптер, қалам, қарандаштар; 0.1.2.5 әр пәннің қызметін білу; 0.1.2.6 білім алушының күн тәртібін орындау	1.1.2.5 сыныпта, мектеп жанында өзін-өзі ұстау ережелерін орындау	мектеп қызметкерлерін кәсібін атау: директор, мұғалім, кітапханашы, аспаз, дәрігер, мейірбике	мектептің мекен-жайын білу; 3.1.2.7 көлік құралдарын білу: автобус, троллейбус, трамвай, жеңіл көлік, жүк көлігі, арнайы көліктер	күннің күн тәртібін білу; 4.1.2.6 мектеп мерекелерін білу
--	---	---	---	---

2) «Табиғат» бөлімі:

2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0-сынып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
